

«Қ.И.Сәтбаев атындағы  
ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
директорлар кеңесінің  
2016 жылғы 29 сәуірдегі  
№1 хаттамасымен  
мақұлданды

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2017-  
2021 жылдарға арналған даму бағдарламасы**

**Бағдарлама паспорты**

<b>Бағдарлама атауы</b>	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2017-2021 жылдарға арналған даму бағдарламасы
<b>Әзірлеу үшін негіздеме</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.</li><li>2. «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы.</li><li>3. «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы.</li><li>4. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы.</li><li>5. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.</li><li>6. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасы.</li><li>7. <u>«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1330 қаулысы.</u></li></ol>
<b>Әзірлеуші Мақсаты</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ел экономикасының жүйе құраушы салаларын жоғары білікті кәсіптік-техникалық және ғылыми кадрлармен

қамтамасыз ету үшін «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» ұлттық ғылыми-зерттеу білім беру орталығын құру, Қазақстан Республикасын технологиялық дамытуға және оның бәсекелестік басымдықтарын күшейтуге ықпал ету.

**Міндеттері**

1) «Ұлттық техникалық зерттеу университеті» моделін қалыптастыру.

2) Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту.

3) Қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту.

4) Ғылым мен инновацияларды дамыту.

5) Корпоративтік басқаруды дамыту және ынтымақтастық пен әріптестік жүйелерін жетілдіру.

**Орындау****мерзімі**

2017-2021 жылдар.

**Қаржыландыру**

1. Қазақстан Республикасының бюджеттік қаражаты.

**көздері**

2. Бюджеттен тыс қаржыландыру.

---

## 1. Кіріспе

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ) коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама білім және ғылыми зерттеулер базасын әлемдік деңгейде дамытуға, Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиісті кадрлық және ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету, бірінші кезекте, бәсекеге қабілетті инженерлік-техникалық бейінді мамандармен және инновациялық технологиялармен қамтамасыз ету тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі кезде заманауи зерттеу университетіне тән мынадай негізгі белгілерді атап көрсетуге болады:

- 1) зерттеу және инновациялық өндіріс арқылы оқыту;
- 2) көп функциялық (оқыту, зерттеу, инновациялық өндіріс);
- 3) магистрлер мен PhD докторларын даярлау басымдықтары;
- 4) Қазақстан мен басқа елдер экономикасында ғылым мен индустрияны дамытудың ұлттық және әлемдік басымдықтарына бағдарлану;
- 5) кешенді қаржыландыру;
- 6) технопарктерде, старт-ап компанияларда, конструкторлық бюроларда, инновациялық кәсіпорындарда ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың айқын тетіктерінің негізінде Шағын және Орта бизнес құру;
- 7) дамыған ғылыми-білім беру инфрақұрылымы, жаңа тиімді ұйымдық құрылымды, адам ресурстарын басқарудың, әкімшілік-басқару кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың заманауи жүйесін қалыптастыру;
- 8) «Политех» эндаумент қорының жұмыс істеуі және жоғары оқу орнының инвестициялық дамуы (фандрайзинг, демеушілік, гранттар, меценаттық және т.б.).

Ғылымды қажет ететін технологиялардың даму деңгейі – еліміздің экономикалық даму сипаттамасы мен ғылыми-өндірістік әлеуеті болып табылады. Алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе біріктірілген ғылыми-білім беру құрылымы еңбек нарығына қажетті сапалы жаңа мамандар даярлауды қамтамасыз етудің, ал жаңа білімді пайдалануға негізделген өндірістегі технологиялық өзгерістер еліміздің экономикасының өсуіне себепші болудың дәлелі болып отыр.

Зерттеу университеттері әлемдік практикада ерекше орын алады, мұнда дәстүрлі ғылыми-білім беру қызметімен қатар өнеркәсіппен тығыз байланыс орнатылады. Университеттік идеяларды дамытудың ерекше мүддесі – Америка Құрама Штаттарының Техас және Стендфорд т.б. университеттерінің тәжірибесі мен өзіне тән көптеген қаржыландыру көздері: федералдық және

жергілікті бюджеттер, гранттар, қайырымдылық және қамқоршылық қорлары, бизнес, оқу, зерттеу, өндірістік және консультация беру қызметтерінен түсетін кірістер арқылы көрініс табады.

Жоғары оқу орнындағы білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық процестердің құрылымындағы, мазмұны мен технологияларындағы, сондай-ақ басқару жүйесіндегі және қаржы-экономикалық тетіктеріндегі өзгерістерді қамтитын іс-шаралар ресурстары мен мерзімдері бойынша өзара байланыстырылған кешеннен тұратын қағидаттар Бағдарламада берілген.

## **2. Ағымдағы жағдайды талдау**

### **2.1. Университеттің ішкі ортасын талдау**

ҚазҰТЗУ жоғары оқу орны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (бакалавриат – магистратура – PhD докторантурасы) көп деңгейлі жүйесіне өтті, бұл ретте университеттің 129 мамандық бойынша лицензиясы бар, оның ішінде: бакалавриат мамандығы бойынша – 49; магистратура – 51; PhD докторантурасы – 29.

ҚазҰТЗУ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан «Қазақстан Республикасында инженерлік білімді дамыту тұжырымдамасын» әзірлеу және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің біріктірілген жіктеуішін» құрастыру жөніндегі үйлестірушісі болып табылады.

2015-2016 оқу жылындағы жалпы білім алушылар саны 12075 адамды құрады, соның ішінде: бакалавриатта – 10451 адам, магистратурада – 1384, PhD докторантурада – 240 адам.

Соңғы үш жыл ішінде мемлекеттік грант бойынша және ақылы негізде (сырттай оқу есебінен) шарт бойынша білім алушылардың арақатынасы тұрақты болып отыр, яғни 79 % және 21 %-ды құрайды.

ҚазҰТЗУ-да оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Соңғы үш жыл ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі білім алушылардың арақатынасы: қазақ тілінде – 75 %, орыс тілінде – 25 %.

Қазіргі уақытта ҚазҰТЗУ-да әлемнің 14 елінен 259 студент білім алады. Әр елді жекелеп алғанда, мынадай статистиканы көрсетеді: Ауғанстан – 15, Түрікменстан – 4, Тәжікстан – 3, Ресей – 10, Беларусь – 1, Қытай – 75, Украина – 1, Молдавия – 1, Монғолия – 16, Вьетнам – 4, Өзбекстан – 123, Қырғызстан – 4, Иран – 1, Грузия – 1. Оның ішінде: 202-сі бакалавриат студенті, 23-і магистрант және қашықтан оқу түрі бойынша 34 студент. Оның ішінде: 30 шетелдік студент үкіметаралық келісімдер шеңберінде, 161 – мемлекеттік грант бойынша, 68 – шарт негізінде білім алады.

2014-2015 оқу жылында 16 білім алушы Еуроодақ пен Америка Құрама Штаттары елдерінде семестрлік оқудан өтті. 2015-2016 оқу жылында 27 студент шетелде күзгі семестрден өтті. Оның ішінде: 2 студент өз қаражаты есебінен оқиды.

2015 жылы жұмысқа орналастырылған түлектер саны 1945 адам болды (түлектердің жалпы санынан – 66,8 %, 2912 адам).

2012–2015 жылдар аралығындағы негізгі нәтижелер:

1) ҚазҰТЗУ Қазақстанда алғаш болып Халықаралық бағалау бағдарламасы бойынша (IEP, International Evaluation Program, 2011, 2014 жылдары) Еуропалық университеттер қауымдастығында халықаралық институционалдық бағалаудан өтті және қайталап дәлелдеді.

2) білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттікте (БСҚЕТҚА-IQAA) институционалдық аккредиттеу туралы сертификат алынды;

3) мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде 87 білім беру бағдарламасы, соның ішінде:

БСҚЕТҚА-IQAA ұлттық агенттігі мен Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде (ТАРА) – 81 білім беру бағдарламасы;

ASIIN (Германия) бакалавриаттың 5 білім беру бағдарламасы;

АВЕТ (Америка Құрама Штаттары) – 1 білім беру бағдарламасы аккредиттелді.

Америка Құрама Штаттары, Франция, Германия және Италия университеттерімен бірлескен халықаралық магистрлік және докторлық бағдарламалар; «Темпус», «Эрасмус Мундус» Еуропалық комиссиясының бағдарламалары іске асырылуда;

4) ҚазҰТЗУ – Еврорейтинг-2013-те (Academic ranking of world universities-European standard ARES), сондай-ақ Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша қазақстандық жоғары оқу орындары арасында көшбасшы;

5) 2012-2014 жылдар ішінде Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында жалғыз ҚазҰТЗУ әлемдік жоғары оқу орындарының The Thomson Reuters каталогына енгізілді;

6) 2017 жылы ҚазҰТЗУ «QS» халықаралық рейтингтік агенттігінің (Ұлыбритания) нұсқасы бойынша 411 – 420-орын (топ 800 ішінен) алды, Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттіктің Ұлттық рейтингі бойынша техникалық жоғары оқу орындары арасында 3-орынды иеленді;

7) ҚазҰТЗУ «Нанотехнологиялар», «IT-технологиялар», «Экология», «Энергетика» бағыттары бойынша Шанхай ынтымақтастық ұйымының желілік университетіне кіреді;

8) Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қолдау мақсатында 2015-2016 оқу жылынан бастап 6M071200 – «Машинажасау», 6M072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиялары» және 6M070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандықтары шеңберінде «Машинажасаудағы инновациялық технологиялар және жабдықтар», «Мұнай химиясы және мұнайды қайта өңдеу» және «Өндірістік процестерді

автоматтандыру» білім беру бағдарламаларымен бейінді магистрлер даярлау бойынша ҚазҚТЗУ бағдарламасын іске асыруды бастады;

9) Франция Жоғары білім және ғылым министрлігінің, Франция Сыртқы және Еуропалық істер министрлігінің, Франция Сенаты, Қазақстандағы Франция елшілігінің және жеке екі ел президенттері Н.Назарбаев пен Н.Саркозидің жеке қолдауымен Гео-Энергетика орталығы құрылды. ҚазҰТЗУ мен Нанси-Университеті (Франция) арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес «Екі дипломдық білім» халықаралық білім беру бағдарламасы іске асырылады;

10) классикалық жоо базасында Электронды университет қалыптастыру мақсатында Қашықтан білім беру институты құрылды. Тұратын жеріне қарамастан әрбір студент ЖОО-ның барлық білім беру ресурстарына қол жеткізе алады.

ҚазҰТЗУ-да тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер бар, онда еншілес ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді, олардың көпшілігі Қазақстанда көшбасшылық орындарға ие. ҚазҰТЗУ Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының Алматы филиалының базалық ұйымы болып табылады, сондай-ақ ҚазҰТЗУ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «Жер туралы ғылымдар» бөлімі жұмыс істейді.

ҚазҰТЗУ-дың кадрлық әлеуеті (еншілес ұйымдарды есепке ала отырып) 251 доктор мен 697 ғылым кандидатынан, 53 PhD докторынан, 342 ғылым магистрінен, 196 академик пен әртүрлі ғылым академияларының корреспондент мүшелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 7 академигі мен 3 корреспондент мүшесінен тұрады. Университеттің білім беру секторындағы штаттағы профессор-оқытушылар құрамының үлесі 89%-ды, ғылыми зерттеулермен айналысатын ОПҚ-ның орташа жасы 46 жасты құрайды.

Соңғы бес жыл ішінде ғылыми-зерттеу қызметі шеңберінде әртүрлі қаржыландыру көздері ішінен ғылыми және инновациялық қызметті қаржыландыру көлемінің оң динамикасы байқалады, яғни қаржыландыру көздері 4 еседен аса өсіп отыр.

Халықаралық ынтымақтастық саласында ҚазҰТЗУ 198 келісім жасады, оның ішінде: 18 елдің: Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Корея, Канада, Украина және Польша, Мажарстан, Беларусь, Латвия, Словакия, Португалия және Ұлыбритания сияқты елдердің жоо-ларымен 159 шарт жасады. ҚазҰТЗУ білім, ғылым және технологиялар саласында 9 қауымдастық пен консорциумның қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

ҚазҰТЗУ-дың мынадай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымы бар: Windows және UNIX жүйесі базасында серверлік жабдықталған, ғылыми міндеттерді шешуге арналған суперкомпьютер, құрамында 4 мыңнан жоғары жұмыс станциялары мен заманауи техникалық оқу құралдары бар қуатты компьютерлік паркпен тұрады. ҚазҰТЗУ компьютерлік паркі 1,2 есеге өсті.

ҚазҰТЗУ-дың Ғылыми кітапханасы – «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының кітапханалары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, электронды кітапханада берілетін электронды құжаттар саны мен сапасы бойынша Қазақстан Республикасының 93 жоғары оқу орны арасында көшбасшылық орынға ие. 2016 жылдағы Ғылыми кітапхана қоры екі миллионнан астам данаға жетті, норма бойынша бір студентке 140 кітаптан белгіленсе, әр студентке 161 кітаптан келеді.

## 2.2. ҚазҰТЗУ-дың зерттеу университеті ретіндегі пайымдаулары

ҚазҰТЗУ жаңа әрі заманауи білімді жинақтау мақсатында ғылым және білім беру қызметін тиімді интеграциялауды жүзеге асырады және әзірленген технологияларды тиімді трансферлеу мен коммерцияландыруды жүзеге асырады.

Мынадай бірегей және динамикалық қасиеттердің жиынтығы ҚазҰТЗУ-ды зерттеу университеті ретінде сипаттайды:

1) оқыту мен зерттеу жүргізу үшін жоғары сапалы және қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету;

2) үздік қызметкерлерді, сондай-ақ шетелдік қызметкерлерді тарту және тұрақтандыру;

3) неғұрлым қабілетті студенттерді (талапкерлерді), сондай-ақ шетелдік студенттерді тарту;

4) жоғары білікті мамандар шығару және оларды сабақ беру мен зерттеу жүргізу үшін тарту;

5) қайта даярлау мен біліктілікті арттыру бағдарламаларының дамыған жүйесінің болуы;

6) озық іргелі және қолданбалы зерттеулердің кең спектрін жүзеге асыру;

7) технологияларды тиімді трансферлеу мен зияткерлік қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған инновациялық идеялар мен әзірлемелерді қалыптастыру;

8) білім беру мен зерттеулерді әлемдік деңгейде тануға бағытталған ұйымдармен және компаниялармен, оның ішінде өзге саланың мамандарымен өзара тиімді жергілікті және халықаралық әріптестікті қалыптастыру;

9) түрлі кіріс көздері мен қаржы салымының, өзінің тұрақты қаржылық базасының болуы;

10) ғылыми әзірлемелерді тұтынушылармен және жұмыс берушілермен үнемі қарым-қатынасты жүзеге асыру.

Осындай қасиеттердің жиынтығы арқасында ҚазҰТЗУ жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін, өнеркәсіптің барлық саласына жоғары білікті кадрлар даярлау үшін қажетті интеграцияланған ғылыми-білім беру орталығы болмақ, осылайша ҚазҰТЗУ-да қоғам дамуына елеулі үлес қосу мақсатында білім мен инновацияны жасау, жинақтау, сақтау, беру және тарату жүйесі қалыптасады.

### 2.3. Академиялық даму

ҚазҰТЗУ академиялық қызметінің негізгі бағыттары – экономиканың түрлі салалары мен әлеуметтік салалар үшін, білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі негізінде, сондай-ақ Университет пен индустрияның дуальды білім беру бағдарламалары, Өнеркәсіптік консультациялық комитеттер және т.б. түрлі өзара іс-қимыл тетіктері арқылы бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұны әлемдік үрдістер аясында халықаралық мамандандырылған аккредиттеу, кәсіптік қауымдастықтар және мамандандырылған сертификаттау арқылы жаңартылып отырады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді кадрлар даярлау бойынша тұжырымдамалық ережелер және білім мен ғылым жүйесін әрі қарай дамытып, жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқу және зерттеу технологиялары әзірленеді, сынақтан өткізіледі және білім беру, ғылыми және әдістемелік салаларға енгізіледі.

Университет корпоративтік сектормен тығыз ынтымақтастық жасайды. Қазақстан Республикасының «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы, «ҚазақМыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және тағы басқалары сияқты ірі компаниялардың көпшілігі өздерінің бизнестерін дамыту үшін халықаралық санаттағы жоғары білікті мамандарды қажет етеді.

Университет «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ еншілес тәуелді ұйымдары үшін, сондай-ақ экономиканың сыртқы секторларының қатысушылары үшін «Корпоративтік Университет» ретінде әрекет етеді. Бұдан басқа, Университет өз құзыреті шеңберінде, соның ішінде сертификатталған жаттықтырушыларды, кадрлық резерв пен бірегей мамандарды даярлайтын белсенді саясатты жүргізеді.

Шетелдік тәжірибеге сәйкес академиялық және ғылыми-инновациялық қызмет бойынша шешімдер қабылдауда, Университеттің ғылыми-білім беру процесі саясатын анықтауда алқалық пен айқындықты қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесі және Басқарма сияқты алқалық органдар құрылды.

Университеттің білім беру бағдарламасы – мынадай бағыттар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қамтиды: Техникалық ғылымдар және технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары, Әлеуметтік ғылымдар, Экономика және бизнес, Білім беру, Ауылшаруашылық ғылымдары, Қызмет көрсету, Әскери іс және қауіпсіздік, Өнер, магистратура мен докторантура бағдарламалары.

ҚазҰТЗУ-дың 129 мамандық бойынша лицензиясы бар, оның ішінде: бакалавриат – 49; магистратура – 51; PhD докторантурасы – 29.



ҚазҰТЗУ-дың профессор-оқытушылар құрамы шетелдік әріптестер мен жұмыс берушілердің ұсынымдары негізінде оқитын пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдар әзірледі. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесі әр мамандық бойынша оқу жоспарларымен реттеледі.

Бағдарлама командада жұмыс істей білуге, коммуникативтік дағдыны (жеке адамның араласу қабілеттілігінің деңгейін) дамытуға және сыни ойлауға (яғни, шығармашылық немесе интуитивтік ойлауға), заңдылықтарды айқындау қабілетіне, міндеттер қоя білуге және оны шешу жолдарын табуға бағытталған. Оқу процесі – ғылыми зерттеулер шеңберінде дәрістер, зертханалық және жеке сабақтарды, топпен жұмысты орындауды, проблемалық міндеттерді шешу мен эксперименттер жүргізуді үйлестіруді пайдаланып, халықаралық заманауи білім беру технологияларына негізделетін болады.

#### 2.4. Университеттің ғылымын дамыту

ҚазҰТЗУ-дың бейіндік және ғылыми-зерттеу институттарында Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған зерттеудің негізгі ғылыми бағыттары бойынша республика ғылымын дамытудың барлық басымдықтарын қамтитын ғылыми мектептер бар.

Зерттеу университетіндегі зерттеу, білім беру және инновациялық қызметтің жоғары деңгейде біріктірілуі: атап айтқанда, оқытушылардың білім беру және зерттеу қызметін қоса атқаруы; студенттерді, магистранттар мен докторанттарды зерттеу жұмыстарына тарту; зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін оқу процесіне ендіру; білім беру бағдарламаларының өндіріспен біріктірілуі; өндірістен мамандарды сабақ беруге тарту; институттар мен кафедралар жанынан ғылыми орталықтар, зертханалар сияқты арнайы зерттеу бөлімшелерін құру; зерттеу консорциумдарын, ғылыми-технологиялық кластерлер және т.б. құру ҚазҰТУ құрамына мынадай ғылыми зерттеу орталықтарының кіруімен байланысты:

«Алтай геология-экологиялық институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Фитохимия» акционерлік қоғамын қоса алғанда, «Парасат» ғылыми-технологиялық орталығы» акционерлік қоғамы;

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«География институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«Сейсмология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қоса алғанда, «Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу орталығы» акционерлік қоғамы;

«Физика-техникалық институт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«Жер, металлургия және байыту туралы ғылымдар орталығы»

акционерлік қоғамы.

Университет Қазақстан экономикасының мынадай басым секторлары үшін ғылыми-техникалық инновацияларды әзірлейді: тау-кен металлургия, мұнай-газ секторлары, химия және химиялық технологиялар, биотехнологиялар, геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, IT-технологиялар, құрылыс, құрылыс материалдары және сәулет.

Ғылым мен инновацияларды қаржыландыру көлемінің, 1 профессор-оқытушылар құрамына есептегендегі ғылыми зерттеу жұмысын қаржыландыру көлемінің, жарияланған, соның ішінде: Scopus базасына және Thomson Reuters базасына кірген ғылыми басылымдарда жарияланған жұмыстардың жалпы санының өсуі.

ҚазҰТЗУ-дың интеграцияланған ғылыми жүйесінде біріктірілген ғылыми-өндірістік, үздіксіз инновациялық циклді қамтамасыз ететін оқу және әлеуметтік-мәдени аймақ бар.

Халықаралық стандарттарға сәйкес ҚазҰТЗУ базасында 6 ғылыми зертхана: Инженерлік бейіндегі зертхана, Ақпараттық және ғарыштық технологияларды ұжымдық пайдаланатын ұлттық ғылыми зертхана, Инновациялық геология-минералогиялық зертхана, Сирек және сирек жер металдары зертханасы, «ВМС Kazakhstan» БиоГеоТехнологиялар ғылыми-зерттеу зертханасы, «ҚазҰТУ-Академия Newinttech» ғылыми-білім беру зертханасы, 14 ғылыми орталық, 12 ғылыми-білім беру орталығы және тағы басқалар сияқты, Орталық Азия өңіріндегі ең жақсы және бірегей аналитикалық құралдар, өлшеу құралдары мен технологиялық жабдықтар бар, бұл кадрлар даярлауға, отандық және халықаралық өндірістік компаниялармен және тағы басқалармен бірлесе отырып зерттеулер жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## 2.5. Инновация және ғылымды өндіріске ендіру

Білім мен технологияларды тиімді трансферлеу, сондай-ақ нәтижелер мен әзірлемелерді коммерцияландыру мақсатында білім алушылар мен қызметкерлердің құзыретін дамытуды, сондай-ақ университеттің әріптес компаниялармен және ұйымдармен табысты ынтымақтастық орнатуын қоса алғанда, инновациялық-кәсіпкерлік қызметті сервистік қолдаудың толыққанды жүйесін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізілетін болады:

1) ұйымдармен, бизнес-қауымдастықтың, мемлекеттік билік органдарының, даму институттарының, қаржы институттарының, кластерлік бастамалар өкілдерімен тұрақты әріптестік қарым-қатынасты дамыту;

2) білім алушыларға, қызметкерлерге инновациялық жобаларды іске асыру бойынша қолдау көрсетудің сервистік құралдарын дамыту;

3) инновациялық-кәсіпкерлік қызмет бойынша ақпараттық және практикалық іс-шаралар өткізу;

4) коммерцияландыру әлеуеті бар нәтижелер мен әзірлемелерді алдын ала

қаржыландыру тетіктерін қалыптастыру;

5) перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған конкурстар жүйесін құру;

6) қызметкерлердің кәсіпкерлік және көшбасшылық қасиеттерін дамыту;

7) жобалар, нәтижелер, әзірлемелер, зияткерлік меншік қоржынын тиімді басқаруды дамыту.

Аталған іс-шаралардың барлығы университеттің экожүйесінің тұрақты өсуін, өнеркәсіптік ұйымдармен және компаниялармен өзара іс-қимылды нығайтып, кеңейте түседі, қызметкерлер мен білім алушылардың кәсіпкерлік қабілеттері мен құзыреттерін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

### **3. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және оларды іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

**Мақсаты:** Ел экономикасының жүйе құрайтын салаларын жоғары білікті кәсіптік-техникалық және ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасын технологиялық дамытуға және бәсекелестік басымдықтарын күшейтуге ықпал ету үшін «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» ұлттық ғылыми-зерттеу білім беру орталығын құру.

#### **Міндеттер және жылдар бойынша нәтижелер көрсеткіштері**

1-міндет. «Ұлттық техникалық зерттеу университеті» моделін қалыптастыру.

Ғылымды дамытудың ұлттық және әлемдік басымдықтарының бағыттары бойынша бәсекеге қабілетті іргелі және қолданбалы зерттеулерді, сыни технологияларды ұйымдастыру және дамыту, халықаралық ауқымды зерттеу жобаларына қатысу өзекті міндет болып табылады.

ҚазҰТЗУ-дың бірлескен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулері арқылы халықаралық ғылыми қауымдастықтармен интеграциялану.

Қазақстан Республикасында техникалық зерттеу университетінің қолданыстағы моделін құру.

Университет мынадай көрсеткіштерге қол жеткізуді жоспарлайды;

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2017	2018	2019	2020	2021
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жобалардың жалпы саны	бір.	45	50	55	60	60

Магистратура/PhD докторантура/Бакалавриатқа қабылданатын білім алушылардың арақатынасы	адам	294/ 2605	619/ 1858	936/ 1664	1092/ 1638	1092/ 1638
Жарияланымдардың жалпы санынан халықаралық журналдарда жарық көрген жарияланымдардың өсуі (Thomson Reuters деректері бойынша)	бір.	155	160	165	170	170

## 2-міндет. Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту

Академиялық көшбасшылыққа қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында жаңа академиялық саясаттың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және білікті кадрлар даярлау барысында білім алушыларға жоғары кәсіби дағдыны үйрету. Сондай-ақ, халықаралық аккредиттеу органдарында танылған аккредитациясы немесе шетелдік жоғары рейтингті жоғары оқу орындарымен екі дипломды бағдарламасы бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары үшін оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауда академиялық еркіндікті дамыту.

Осы міндеттің шеңберінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланады:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2017	2018	2019	2020	2021
Түлектердің жалпы санында жеке өзіндік білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатын кадрлар даярлау саны	бірл.	51	77	103	129	129
Көп тілде оқытатын білім беру бағдарламалары	бірл.	11	7	7	8	8
Жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларының жалпы сағат көлемінде пәндерді ағылшын тілінде оқытуға бөлінетін кредиттер үлесі	%	3,5	6	8	10	10

Жалпы ғылыми қызметкерлер санынан шетелдік білім алған ғылыми қызметкерлер үлесі	%	кемінде 2,5	кемінде 5	кемінде 7	кемінде 10	кемінде 10
Ағылшын тілін ғылыми және білім беру қызметін жүргізу үшін жеткілікті деңгейде білетін оқытушылардың саны	адам	20	30	40	50	50

### 3-міндет Заманауи инфрақұрылымды дамыту

Университет әлемнің жетекші техникалық университеттерімен және шетелдік фирмалармен халықаралық қатынастар жүйесін дамыту, оның ішінде әлемдік деңгейдегі айналы зертханалар мен әйгілі компаниялардың халықаралық орталықтарын құру арқылы ғылыми-технологиялық инфрақұрылымын жетілдіруі, ҚазҰТЗУ-дың білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметінің бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық кеңістігін дамытуы, жетекші шетелдік деректер базасына қол жеткізу мүмкіндігін қамтитын ҚазҰТЗУ-дың электронды кітапхана қорын қалыптастыруға қолдау көрсетуі қажет.

Осы міндеттің шеңберінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланады:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2017	2018	2019	2020	2021
Электронды ресурстарды пайдалануды қоса алғанда, әлемдік стандарт деңгейіндегі цифрлық полиграфиялық жабдықтармен Оқу-баспа орталығының өндірістік базасының техникалық жабдықталуын жетілдіру	млн. теңге	30,5	33,5	74,2	38,6	38,6
ҚазҰТЗУ ғылыми кітапхана қорын жанарту	млн. теңге	114,56	126,00	138,61	152,48	152,48
Жыл сайын есептеуіш техника паркін жылына 405 жаңа компьютермен жаңартып отыру	дана	405	405	405	405	405

Университеттің барлық 15 ғимаратын Wi-Fi желісімен қамту	ғимарат	15	0	0	0	0
Университетте Интернет желісіне қосылу жылдамдығын күшейту	Мб/с	340	400	400	400	400

4-міндет. Ғылым мен инновацияларды дамыту.

Міндет мынадай бағыттар бойынша орындалады: Пәндердің ғылыми компоненттерін көбейту. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысу үлесін ұлғайту. Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Бәсекеге қабілетті ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру. Технологиялар мен білімнің тиімді трансферін қамтамасыз ету. Жеке өзіндік ғылыми-техникалық жұмыстарды коммерцияландыру.

Осы міндеттің шеңберінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланады:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2017	2018	2019	2020	2021
Профессор-оқытушылар құрамы жалпы санынан зерттеушілер санының жалпы өсімі	%	10,2	14	18	20	20
Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша іске асырылатын ғылыми жобалар саны	бір.	218	220	225	230	230
Жалпы қаржыландырылатын жобалар санындағы коммерцияландырылатын жобалардың үлесі	%	5	7	9	11	11
ҚазҰТЗУ және оның еншілес ұйымдары жобаларының базасында стартап-компаниялар құру (өсім бойынша)	саны	2	4	5	7	7

5-міндет. Корпоративтік мәдениетті дамыту және ынтымақтастық пен әріптестік жүйесін жетілдіру.

Басқару және кешенді қаржыландыру дербестігін қамтитын ҚазҰТЗУ-дың менеджментін жетілдіру, білім сапасын бақылау және ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау жүйесін дамыту, бәсекеге қабілетті профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру, соның ішінде әлемдік деңгейдегі профессорларды тарту және олармен тәжірибе алмасу есебінен, зияткерлік қызмет нәтижелерін басқарудың бірыңғай жүйесін құру, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

Терең кәсіби білім мен жоғары азаматтық сапаға ие болашақ бәсекеге қабілетті маманның жан-жақты дамыған тұлғасын студенттік өзін-өзі басқару және ғылыми-кәсіптік, шығармашылық және спорттық бағыт арқылы қалыптастыруға ықпал ету.

ҚазҰТЗУ-дың еншілес ұйымдарымен өзара корпоративтік байланыстарын қамтамасыз ету.

Осы міндеттің шеңберінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланады:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2017	2018	2019	2020	2021
Ғалымдар мен профессор-оқытушылар құрамының тілдік даярлығы мен ұтқырлығын жыл сайын арттыру	адам	30	30	30	30	30
Жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындар, шетелдік әріптес жоо-лар мен ғылыми орталықтар өкілдерінің, шақырылған ғалымдардың қатысуымен жас ғалымдар шығармашылық бірлестігін, ғалымдар клубын құру	бірл.	2	3	3	3	3

Білім менеджменті саласында арттырудан даярлаудан құрылымдық басшыларының (жалпы)	менеджменті біліктілікті және қайта өткен бөлімшелер саны	адам	17	25	34	43	43
Шетелдік кәсіпорындармен және ұйымдармен (соның ішінде білім беру мекемелерімен) бірлескен білім беру, ғылыми, инновациялық және әлеуметтік-мәдени жобалар саны		саны	10	12	14	16	16
Шетелдік білім алушылар саны		адам	360	500	610	800	800

#### 4. Қаржыландыру көздері мен көлемі

Қажетті қаржылық ресурстар құрылымда заманауи ғылыми зертханаларды жаңарту және құру, заманауи ғылыми-білім беру инфрақұрылымын құру, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, әлемдік деңгейде сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету, заманауи ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды құру, кадрлық құрамның біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру, халықаралық академиялық және студенттік алмасу, халықаралық сертификаттау, аккредиттеу және патенттеу рәсімдері сияқты іс-шараларды атқаруға жұмсалатын шығыстар басым

Бағдарламаны республикалық бюджеттен және бюджеттен тыс көздерден қаржыландыру көлемі ҚазҰТЗУ-дың шоғырландырылған бюджетінде жылдар бойынша 72 710 472 мың теңгені құрайды (болжамды деректер):

Жыл	Жалпы қаржыландыру көлемі, мың теңге	оның ішінде:	
		республикалық бюджеттен, мың теңге	бюджеттен тыс қаржыландыру көздерден, мың теңге
2017	13 739 856	9 289 791	4 450 065
2018	14 100 149	9 533 127	4 567 022
2019	14 521 667	9 816 307	4 705 360
2020	14 952 752	10 099 278	4 853 474
2021	15 396 048	10 389 541	5 006 507
	<b>72 710 472</b>	<b>49 128 044</b>	<b>23 582 428</b>



### 5. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі
1-міндет. «Ұлттық техникалық зерттеу университеті» моделін қалыптастыру»				
1	2021 жылы білім алушылар контингентін қалыптастыру жоспарын әзірлеу және іске асыру: 40% – магистратура мен PhD докторантураға / 60% бакалавриат студенттерін қабылдау	1-НК және 3-НК нысаны бойынша есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
2	2021 жылы халықаралық журналдардағы жарияланымдар санын 170 дейін жеткізу (Thomson Reuters деректері бойынша жалпы мақалалар санынан 5% өсім)	ThomsonReuters деректері бойынша халықаралық журналдардағы жарияланымдар мен мақалалар	ҚазҰТЗУ	2017-2021
3	2021 жылы ҚР БҒМ БҒСБҚ ұсынған ҚР ғылыми басылымдарындағы жарияланымдар санын 400 бірлікке дейін жеткізу	Мақалалар мен жарияланымдар	ҚазҰТЗУ	2017-2021
4	2021 жылы ғылыми дәрежесі және атағы бар профессор-оқытушылар құрамының санын 700 адамға дейін жеткізу	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
5	ҒЗТКЖ бойынша орындалатын жобалар санын 2021 жылда 60 бірлікке дейін жеткізу	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

6	Зияткерлік меншік объектілері бойынша қорғау құжаттары (өтінімдер)	Зияткерлік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын алу үшін 2020 жылы 80 өтінім. Зияткерлік меншік объектілерін қолдау туралы 13 растайтын құжаттар	ҚазҰТЗУ	2017-2021
7	Қазақстан Республикасындағы техникалық зерттеу университетінің моделі туралы ереже әзірлеу	Техникалық зерттеу университеті моделі туралы ереже	ҚазҰТЗУ	2018
2-міндет. «Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту»				
8	2021 жылы университеттің білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуге дайындық және аккредиттеуден өткізу жоспарын әзірлеу және іске асыру	Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуден өткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
9	2021 жылға дейін кадрларды 129 жеке өзіндік бірегей білім беру бағдарламалары бойынша 100% даярлау жоспарын әзірлеу және іске асыру	Кадрларды өзіндік бірегей білім беру бағдарламалары бойынша даярлау жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
10	2021 жылы көп тілде оқытудың 8 білім беру бағдарламаларын енгізу	Көп тілде оқытатын білім беру бағдарламаларын ендіру жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
11	2021 жылы жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасының жалпы сағат көлемінде шетел тілдері пәндерін оқытуға бөлінетін кредиттер санын 10%-ға дейін көбейту	Шетел тілдерінде оқытылатын пәндерді көбейту жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

12	2021 жылы үлестес аффилирленген ғылыми-зерттеу институттарында эксперименттік жұмыстармен айналысатын бакалавриат студенттердің санын 300 адамға дейін арттыру	Ғылыми-зерттеу институттарында эксперименттік жұмыстармен айналысатын бакалавриат студенттердің санын арттыру жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
13	2021 жылда аффилирленген ғылыми-зерттеу институттарында эксперименттік жұмыстармен айналысатын магистранттардың санын 335 адамға дейін арттыру	Эксперименттік жұмыстармен айналысатын магистранттардың санын арттыру жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
14	2021 жылы мемлекеттік грант бойынша оқыған, университетті бітірген жылы мамандық бойынша жұмысқа орналасқан бакалавриат түлектердің санын 1893 адамға дейін арттыру	Мемлекеттік грант бойынша оқыған, Университетті бітірген жылы мамандық бойынша жұмысқа орналасқан бакалавриат түлектердің санын арттыру жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
15	2021 жылы жалпы ғылыми қызметкерлер санынан шетелдік білімі бар ғылыми қызметкерлердің үлесін 10%-ға дейін арттыру	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
16	Ғылыми және білім беру қызметін жүргізу үшін ағылшын тілін жеткілікті деңгейде білетін оқытушылар санын 2021 жылы 50 адамға дейін арттыру	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
17	Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің ғылыми зерттеулерінің кем дегенде 90 нәтижесін оқу процесіне ендіру	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

3-міндет. «Заманауи инфрақұрылымды дамыту»				
18	Электронды ресурстарды пайдалануды қоса алғанда, әлемдік стандарт деңгейіндегі цифрлық полиграфиялық жабдықтармен Оқу-баспа орталығының өндірістік базасының техникалық жабдыкталуын жетілдіру	Оқу баспа орталығын техникалық жабдықтауды жаңғырту жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2020
19	ҚазҰТЗУ ғылыми кітапхана қорын жаңарту жоспарын кезең-кезеңмен іске асыру	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
20	1 Жылына 405 жаңа компьютерден есептеу техникасы паркін жыл сайын жанартып отыру	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
21	2017 жылдан бастап университеттің барлық 15 оқу ғимаратын Wi-Fi желісімен қамту	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
22	2017 жылдан бастап университеттің интернет желісіне қосылу жылдамдығын 400 Мб/с дейін ұлғайту	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
23	Жалпы мультимедиа кабинеттерінің санынан 13 мультимедиа кабинетіндегі жабдықтарды жыл сайын жаңартып отыру	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
24	Электронды құжат айналымы жүйесін пайдаланушылар санын 475 адамға дейін жеткізу	Атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2020
4-міндет. Ғылым мен инновацияларды дамыту				
25	Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына тартылған профессор-оқытушылар құрамының санын 2021 жылы 360 адамға дейін көбейту	Жоспарланған көрсеткішке кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

26	Жалпы ОПҚ санынан зерттеушілер өсімін 2021 жылы 20 %-ға дейін жеткізу	Зерттеушілер санын кезең-кезеңмен көбейту жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
27	Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша орындалатын ғылыми жобалар санын 2021 жылда 230 адамға дейін жеткізу	Зерттеушілер санын кезең-кезеңмен көбейту жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
28	Жалпы қаржыландырылатын жобалардың санындағы бюджеттен тыс қаражат үлесін 2021 жылы 500 млн. теңгеге (15%) дейін көбейту	Зерттеушілер санын кезең-кезеңмен көбейту жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
29	Жалпы қаржыландырылатын жобалар санындағы коммерцияландырылатын жобалар үлесін 2021 жылы 11%-ға дейін көбейту	Бюджеттен тыс қаражат пайдаланылатын шарттар, технологияларды коммерцияландыру бойынша гранттық шарттар, лицензиялы келісімдер мен шарттар	ҚазҰТЗУ	2017-2021
30	ҚазҰТЗУ мен оның еншілес ұйымдарының базасында стартап-компаниялар құру	Жұмыс істейтін 7 стартап-компания, заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтама/куәлік	ҚазҰТЗУ	2017-2020
31	Инновациялық қызметтің 8 қолдау элементтерін құру (өсім бойынша)	Қолданыстағы 8 қолдау элементтері	ҚазҰТЗУ	2017-2021
5-міндет. «Корпоративті басқаруды дамыту және ынтымақтастық пен әріптестік жүйесін жетілдіру»				
32	Ғылыми және профессор-оқытушылар құрамынан жыл сайын 30 адамның тілдік дайындығы мен ұтқырлығын арттыру	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

33	Озық өнеркәсіптік кәсіпорындар, шетелдік әріпес жоо-лар және ғылыми орталықтар өкілдерінің, шақырылған ғалымдардың қатысуымен 14 жас ғалымдар шығармашылық қауымдастығын, ғалымдар клубын кезең-кезеңмен құру	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
34	2021 жылы білім менеджменті саласында біліктілікті арттырудан және қайта даярлаудан өткен құрылымдық бөлімшелер басшыларының үлесін 43 адамға (100%) дейін жеткізу (жалпы)	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
35	2021 жылы жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға қатысатын, басқару, өзін-өзі басқару және дайындық сапасы мәселелеріне тартылған студенттер үлесін 50 адамға дейін жеткізу	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
36	2021 жылы оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің ел ішінде біліктіліктерін арттыруды 20%-ға дейін ұлғайту	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
37	2021 жылы жалпы білім залушылар қатарынан халықаралық, ұлттық, өңірлік студенттер олимпиадалары мен басқа да шығармашылық конкурс түрлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің санын 350 адамға дейін жеткізу	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
38	2021 жылы білім беру, ғылыми, инновациялық және әлеуметтік-мәдени	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен	ҚазҰТЗУ	2017-2021

	жобалардың жалпы санындағы Қазақстанның кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірлескен жобалардың санын 90 бірлікке дейін жеткізу	қол жеткізу жөніндегі есеп		
39	2021 жылы шетелдік кәсіпорындармен және ұйымдармен (соның ішінде білім беру мекемелерімен) бірлескен жобалардың санын 16 бірлікке дейін жеткізу	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021
40	2021 жылы білім алушылардың жалпы санынан шетелдік білім алушылар санын 800 адамға (10%) дейін ұлғайту	Жоспарланған көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу жөніндегі есеп	ҚазҰТЗУ	2017-2021

Ескертпе: аббревиатуралардың мағынасын ашу:

ҚазҰТЗУ - Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

ҚР БжҒМ БжҒСБК - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

ПОҚ - Профессор-оқытушылар құрамы

ҒЗТКЖ - Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

---